

**Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2009 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 29 сәуірдегі № 116 қаулысы . Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 5 мамырда № 9-19-100 тіркелді

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 Жарлығына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 543 сәйкес және нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік Тізілімінде № 3677 болып тіркелген "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2009 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2009 жылғы 20 сәуірдегі № 157 қаулысын іске асыру мақсатында, Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтардың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына мерзімді әскери қызметке кезекті шақырылуы жөніндегі іс шаралар 2009 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында ұйымдастырылсын.

2. Қосымшаға сәйкес аудандық шақыру комиссиясының құрамы бекітілсін.

3. Шақыру учаскелері мен жиналу пункттеріне жұмыс істеу үшін жіберілген шақыру комиссиясы мүшелерінің, медициналық және техникалық жұмыскерлердің және

қызмет ететін тұлғалардың, әскерге шақырылушыларды хабардар ету мен іздестіру тобы мүшелерінің, яғни осы азаматтарды жіберіп отырған ұйымдардағы жұмыс орны, атқаратын лауазымы және орташа жалақысы сақталады.

4. Селолық округтер, Ұзынкөл және Троебрат селоларының әкімдері:

1) шақыру комиссиясының, отырысына әскерге шақырылушылардың 100 % толық келуін қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына жіберілетін әскерге шақырылушыларды салтанатты шығарып салу үшін іс-шаралар ұйымдастырсын.

5. "Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша) медициналық комиссияның жұмыс кезеңінде мыналарды орындау ұсынылсын:

1) шақырылушылардың сапалы медициналық тексерісін қамтамасыз ету және дәрігер-мамандарға көмекке қажетті медициналық персонал мен техникалық қызметкердің бір бірлігін жіберу;

2) қажет болған жағдайда шақырылушылардың денсаулық жағдайын қосымша тексеруді өткізу үшін медициналық мекемеде стационарлық орындардың резерві болуы ;

3) шақырылғандарға медициналық куәландыру жүргізу үшін дәрігерлер мен орта дәрігер қызметкерлерді бөліп беру.

6. "Ұзынкөл ауданы Ұзынкөл селосының әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің әкіміне, "Ұзынкөл аудандық мемлекеттік мұрағаты" "Қостанай облысының мемлекеттік мұрағаты" мемлекеттік мекемесінің филиалының директорына (келісім бойынша) барлық кезеңге техникалық қызметкер міндеттерін атқару үшін бір қызметкерден " Ұзынкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бөлу ұсынылсын.

7. "Қазақстан Республикасы ішкі істер Министірлігі Қостанай облысының ішкі істер Департаменті Ұзынкөл ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) ұсынылсын:

1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына шақыруды жүргізу мен шақырылушыларды жөнелту кезінде шақыру пунктінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

2) "Ұзынкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне азаматтарды шақыруды өткізуге және шақырылғандардың арасынан белгіленген әскери есептің ережелерін бұзғандарды анықтауға қажетті көмек көрсету;

3) әскери міндетін орындаудан жалтарып жүрген тұлғаларды іздестіруді, оларды ұстауды және "Ұзынкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жеткізуді жүргізу;

4) "Ұзынкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің

өтінімі бойынша әскерге шақырылғандар мен шығарып салушалар арасында тәртіп сақтау үшін полиция жасағын бөлсін.

8. "Ұзынкөл ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне шақыруды ұйымдастыру және жүргізу және әскерге жіберу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруды "Ұзынкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қаржыландыру жоспарында қарастырылған қаражат есебінен 122-005-000 "Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар" бағдарламасы бойынша жүзеге асыру ұсынылсын.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. В. Слесарьға жүктелсін.

10. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтүзбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілді және 2009 жылғы сәуірден бастап пайда болған әрекеттерге қолданысқа таратылады.

*Ұзынкөл ауданының әкімі*

*А. Сейфуллин*

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы  
ішкі істер Министрлігі  
Қостанай облысының ішкі істер  
Департаменті Ұзынкөл ауданының  
ішкі істер бөлімі" мемлекеттік  
мекемесі, бастық А. Елисеев  
2009 жылғы 29 сәуірдегі

"Ұзынкөл ауданының Қорғаныс  
істері жөніндегі бөлімі"  
мемлекеттік мекемесі, бастық О. Уразалиев  
2009 жылғы 29 сәуірдегі

"Ұзынкөл аудандық мемлекеттік  
мұрағаты" "Қостанай облысының  
мемлекеттік мұрағаты" мемлекеттік  
мекемесінің филиалы, директор Л. Хлыстун  
2009 жылғы 29 сәуірдегі

"Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасы"  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық  
кәсіпорны, бас дәрігер Қ. Ержанов  
2009 жылғы 29 сәуірдегі

Ұзынкөл

ауданы

әкімдігінің

2009 жылғы 29 сәуірдегі  
№ 116 қаулысымен  
бектіліген

## Аудандық шақыру комиссиясының құрамы

### Негізгі құрамы:

Уразалиев Омарғали Орымбайұлы	"Ұзынкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім" мемлекеттік мекемесі, бастық, комиссия төрағасы (келісім бойынша)
Ағытаев Нұрым Сабырұлы	"Ұзынкөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі, жалпы бөлім бастығы, комиссия төрағасының орынбасары
<b>Комиссия мүшелері:</b>	
Нұрмағамбетов Қанат Абрайұлы	"Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігі Қостанай облысының ішкі істер Департаменті Ұзынкөл ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі, бастықтың орынбасары (келісім бойынша)
Чиканаев Құдайберген Шаймерденұлы	"Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, хирург (келісім бойынша)
Скорикова Елена Александровна	"Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, жасөспірімдер кабинетінің медбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша)

### Резервтік құрама:

Калиниченко Виктор Витальевич	"Ұзынкөл ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі, әскери қызметшілерді келісім шарт және шақыру жөніндегі жинау бөлімшесінің бастығы, шақыру комиссия төрағасы (келісім бойынша)
Демин Юрий Васильевич	"Ұзынкөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі, Азаматтық қорғаныс жұмысын жұмылдыру және төтенше жағдай жөніндегі бас маман, комиссиясы төрағасының орынбасары
<b>Комиссия мүшелері:</b>	
Қапаров Нұрлан Бағыткерейұлы	"Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігі Қостанай облысының ішкі істер Департаменті Ұзынкөл ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі, қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығы (келісім бойынша)
Әбілмажинова Гүлнар Татранқызы	"Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, дәрігер-терапевт (келісім бойынша)
Забродина Тамара Ивановна	"Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, медбике, комиссия хатшысы (келісім бойынша)